

**Ақтөбе облысы Хромтау қаласында «Tugan Qala Birlestik» жобасының
«Сауалнама нәтижелерінің тұсаукесері» № 1 қоғамдық талқылау
«Ескі балалар қалашығы» бағыты
№1 Хаттамасы**

Хромтау қ.

«21» қазан 2023ж.

Қатысушылар: Хромтау қаласының тұрғындары, Хромтау қаласы және Хромтау ауданы әкімдігінің өкілі, жобалау орталығы, сәулетші, ТАУ ДА ЗТБ, ERG.

Қатысқандар: 11 адам.

Өткізу орны, күні және уақыты:

3.1. Өтетін орны: Қазақстан Республикасы, Хромтау қаласы, Мұхтар Әуезов көшесі, 12Б, № 6 Хромтау мектеп-гимназиясы.

3.2. Өткізу күні мен уақыты: 2023 жылғы «21» қазан 10 сағат 30 минуттан 15 сағат 15 минутқа дейін.

1. Күн тәртібі

1. «Tugan Qala Birlestik» жобасының № 1 «Сауалнама нәтижелерінің тұсаукесері» қоғамдық талқылауын өткізу.

2. Талқылауға қатысушылардың ұсынысы

2.1. Абай 5/2 мен Есет батыр 5а арасындағы «Ескі балалар қалашығының» орналасқан жерінің сипаттамасы

«Хромтауленд» - ертегі қалашығы.

Сенің балалық шағың өтетін орынды білдіреді.

Жаңартылған ағаш МАФтар, субұрқақ бассейні, пикник аймағы, тірі лабиринт, сахна, екі қабатты қорған (ойын элементі), қалқасы бар жататын орындықтар сияқты элементтерден тұрады.

Мүмкіндігі шектеулі МШ балаларға арналған ойын инклюзивті аймағының болуы ерекшеленеді (мысалы, бизиборд).

Белсенді ойын-сауық отбасылық демалысқа арналған.

Түнде объектінің аумағына кіру шектеледі.

2.2. Эскизді талқылау нәтижелері (1-қосымша)

Нені қалдыру қажет	- Ағаш пұттар - Ағаштар
Нені алып тастау қажет	- Құм мен кеспетас (оның орнына көгалдар мен тартан жабындысын қамтамасыз ету) - Текшелер мен сахна (орнына әткеншек-орындықтар мен арқан құрылымдарын қою) - Теннис үстелдері немесе теннис аймағы үшін желден қорғауды қамтамасыз ету - Бассейн (оны сахнаға айналдыру) - Пластикалық төбешіктер
Нені қосу қажет	- Фаст-фуд аймағы және әкімшілік жылжымалы ғимарат - Камералар мен радиоқабылдағыш - Тасымалды мобильді отыратын орындар, оларды сахнаның алдына қоюға болады - Биодәретханалар - Ауыз су бұрқақтары - Көбірек жарықтандыру

2.3. Эскизді нақтылауға арналған ұсыныстар

2.3.1. Абаттандыру қандай стильде жасалуы тиіс?
Эко-этно-ертегі стилінде кіреберісте үлкен ағаш арка бар.

2.3.2. Қандай материалдар негіз болуы керек?
Ағаш және пластик. Табиғи түстер басым болуы керек, бірақ ағаш мүсіндер неонмен жарықтандырылған ашық түстерде (қызыл, жасыл, сары) болуы керек.

3. Хаттаманы жариялау және сақтау

3.1. Осы хаттама https://tugan-qala.kz/team_khromtau ресми сайтта орналастырылуы тиіс

Хромтау қаласы әкімдігінің өкілі
(немесе Хромтау ауданы)

Шабыкбаев С.




Жобалау орталығының басшысы

Князбаева Ж.



Сәулетші

Калыкбаева С.



Орналасқан жерді абаттандыру нұсқасының эскизі

«Ескі балалар қалашығының» орналасқан жері



Локация “Старый детский городок”

